Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы құжатта келтірілген қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ

тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

### 1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

### 1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

### 1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерін өз бетімен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыны қайта жабдықтау немесе үлгілендіру дайындаушымен келісе отырып қана орындалуға рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы буындары мен бөлшектері, сонымен қатар дайындаушы фирмамен қолдануға рұқсат етілген құрылымдаушылар пайдаланылымының сенімділігін қамтамасыз етуге тартылғандар.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану осының салдарының нәтижесінде туындаған жауапкершілігіндегі дайындаушы бас тартуын туындатады.

### 1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

### 1.10 Қызмет көрсетуші персоналдың міндеттері

Жүйені орнату, пайдалануға енгізу, техникалық қызмет көрсету, қарау және жөндеу, бұзу және сақтау жұмыстарын орындау тек өкілетті қызмет көрсететін персоналға ғана рұқсат етіледі. Персоналдың тиісті техникалық білімі бар және басқару мен бақылаудың негізгі қағидаларын біледі деп тұспалданады.

Қызмет көрсететін персонал міндетті:

- Қондырғыны құрастыру, пайдалануға енгізу, техникалық қызмет көрсету, қарау және ағымдағы жөндеу, бұзу және сақтау жұмыстарын бастар алдында осы Нұсқаулықты мұқият оқуға.
- Қауіпсіздік техникасының жалпыға танымал нормаларын және жазатайым оқиғаларды болдырмау бойынша ережелерді сақтауға.
- Қондырғымен және химикаттармен жұмыс істеу кезінде жергілікті қауіпсіздік техникасы ережелеріне сәйкес тиісті қорғану киімдерін пайдалануға. Пайдаланатын ұйым персоналды қорғану киімімен қамтамасыз етуі тиіс, ол қондырғы орнатылған жайда құрғақ жерде сақталуы тиіс.

## 1.11 Пайдаланатын ұйымның міндеттері

Ғимараттың және қондырғының иелері міндетті:

- Осы Нұсқаулықты өнімнің бір бөлігі деп есептеуге және ол осы қондырғыны барлық пайдалану уақытында персоналға қол жетімді, қондырғыға жақын жерде тұратынына көз жеткізуге.
- Өндірісімен белгіленген қондырғыға қойылатын талаптарды орындау (суға арналған жалғауларға және фитингтерге, пайдаланудың сыртқы жағдайларына, электр жабдықтарын қосуға, мөлшерлеу желісінің қорғаныш түтіктеріне, авария сигналдарына арналған дыбыстық немесе шолып қарау құрылғыларына қойылатын талаптар).
- Пайдаланушы компания қондырғыны қолдану саласы және пайдалану орнындағы жағдайларға байланысты техникалық қызмет көрсету жоспарын жасауға міндетті.
- Арматуралар мен құбыржелілерін жүйелі тексеруіп тұруды, жөндеу және техникалық қызмет көрсетуіпін қамтамасыз ету.
- Қажет болған жағдайда, химреагенттерді сақтауға ресми рұқсат алыңыз.
- Операторларды қондырғымен жұмыс істеуге үйретуге.
- Қондырғымен бірге жеткізілетін тақташаларды олар жақсы көрінетіндей қылып орналастыруға.
- Операторлардың лайықты түрде техникалық оқытылуын қамтамасыз етуге.
- Қондырғы орнатылған жерде жазатайым оқиғаларды болдырмау ережелерін сақталатынына көз жеткізуге.
- Қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес операторларды және персоналды қорғану киімімен қамтамасыз етуге: қолқаптар, қорғану маскасы, қорғану алжапқышы, қажет болған жағдайда газтұтқыш.

## 1.12 Мақсатсыз пайдалану

Қондырғыны тарауда көрсетілмеген мақсаттарда пайдалану, 4. Бұйым туралы жалпы мағлұмат, лайықсыз деп есептеледі және рұқсат етілмейді. Grundfos компаниясы лайықсыз түрде пайдалану салдарынан келтірілген кез келген зақымдануларға жауапкершілік алмайды.

Реакторда шамамен 2 г/л тең келетін хлор диоксидінің критикалық емес концентрациясы түрленеді.

Тиісінше, Oxiperm Pro OCD-162 критикалық концентрациялар шегінде жұмыс істемейді.

Газ тәрізді хлор диоксиді өте тұрақсыз болып табылады.

300 г/м жоғары концентрациялау кезінде ол хлорға таралады және оттегі сыртқа әсерсіз жарылады.

### Ескертпе

**Қондырғының құрылымын рұқсатсыз өзгерту құрылғының едәуір зақымдануына және жазатайым оқиғаларға әкеліп соғуы мүмкін.**

**Бұзуға, құрылымын өзгертуге, модификациялауға, жалғастырғыштар орнатуға, ағытуға, шунттауға немесе компоненттерді блоктауға, қорғаныш құралдарын қосқанда, тыйым салынады. Жарылыс қауіпі: 30 г/л артық концентрациялау кезінде хлор диоксиді жарылыс қауіпті болып табылады.**



## 1.13 Химреагенттер

### 1.13.1 ClO<sub>2</sub> ерітіндісінің параметрлері

Қондырғының реакторында NaClO натрий хлоритінің және HCl тұз қышқылының қосылған ерітінділері араластырылады, сөйтіп бір литр суға шамамен концентрациясы 2г хлор диоксидінің ерітіндісін түзеді.

Қауіпсіздік техникасының келесі ережелері сақталуы тиіс.

### Ескертпе

**Неғұрлым жоғары концентрациялы химикаттарды қолдану кезіндегі жарылыс қауіпі. NaClO<sub>2</sub> натрий хлоритін салмағы бойынша тек 7,5 % концентрасына дейін араласқан күйінде пайдалану қажет. Тек салмағы бойынша 9,0 % концентрациялы тұз қышқылының ерітіндісін қолданыңыз. Химреагенттерді жеткізуші берген, заттектердің қауіпсіздік паспорттарында келтірілген нұсқауларды сақтау қажет.**

### Ескертпе

**Газ тәрізді ClO<sub>2</sub> улану қауіпі. NaClO<sub>2</sub> және HCl араластыру кезіндегі жарылыс қауіпі. Натрий хлориті және тұз қышқылының қатты сорып алу желілерін бір шелекке салмаңыз. Қатты сорып алатын желілерді сәйкес келмейтін контейнерлерге қоймаңыз. Химреагенттерге арналған контейнерлердегі, қатты сорып алу желілеріндегі және сорғылардағы маркалауларды сақтаңыз: қызыл=HCl көк=NaClO<sub>2</sub>.**

### Ескертпе

**NaClO<sub>2</sub> немесе HCl теріге немесе киімге тиген кездегі күйіп қалу қауіпі. Теріге немесе киімге тиген кезде, ол жерді дереу сумен жуып шаю қажет.**

### Ескертпе

**Хлор диоксидін ауамен ішке жұтқан кездегі тыныс алу жүйесінің, терінің және көздердің тітіркену қауіпі.**

**Химконтейнерлерді айырбастау кезінде қауіпсіздік ережелеріне сәйкес қорғану киімін пайдалану қажет.**

### Ескертпе

**Сыртқы мөлшерлеу сұйыққоймасындағы хлор диоксиді ерітіндісінің температурасы +40 °C артпауы тиіс. +40 °C жоғары температура кезінде газдың жылыстау қауіпі болады.**

Нұсқау

**Газдың жылыстауы туралы ескертетін құрылғы орнату ұсынылады.**

### 1.13.2 Авариялық жағдайлар

Авариялық жағдайларда қауіпсіздіктің жалпы ережелері қолданылады. Авариялық жағдайлар болған кезде, қолданылатын іс-қимылдар:

- Дерек қондырғы орналасқан жайдың ауасын желдетіп тазарту.
- Арнайы қорғаныш киімін киіңіз: қолқап, қорғану маскасы, қорғану алжапқышы және қажет болған жағдайда газ тұтқыш.
- Зардап шегушілерге алғашқы медициналық көмек көрсету:
  - Химреагенттер көзге тиген кезде, кем дегенде 15 минут бойы көп сумен жуып шайыңыз. Дәрігерге қаралыңыз.
  - Теріге тиген жағдайда, дереу мол сумен жуып шайыңыз. Барлық былғанған киімдерді шешіп тастаңыз.
  - Ауамен бірге газ жұтып қойған кезде, зардап шегушіге таза ауаның келуін қамтамасыз етіңіз. Терең дем алмауға тырысыңыз. Дәрігерге қаралыңыз (тамыр соғысы жиілеген кезде, тамырларды кеңейтетін препараттар қажет болуы мүмкін).
- Төгілулер
  - Киімге тиген жағдайда дереу оны шешіңіз және оны мол сумен шайыңыз.
  - Ғимараттың ішінде төгілген химреагентті сумен шайып тастаңыз.
  - Төгілген хлор диоксидінің ерітіндісіне тиосульфат ерітіндісін құю қажет және сумен шайып тастау керек.
- Газдың жылыстауы
  - Газ жылыстаған кезде оны спринклерлы жүйеден сумен шайып тастаңыз.

- Өрттерді сөндіру
  - $\text{ClO}_2$  су ерітіндісі жанбайды. Туындаған өртті сөндіру үшін суды пайдаланыңыз, газды еріту үшін өрт спринклерлерінің жүйесін қарастырған жөн. Өрт сөндірушілерге олар қауіпті төмендететін сақтану шараларын қолдануларына мүмкін болатындай қылып орнатылған өндірістік сұйыққоймалар және кез-келген қауіпті заттар сақталатын жерлер туралы хабарлаңыз.

## 2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек. Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек. Жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек. Жабдықты сақтау шарттары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі тиіс.

Белгіленген ең ұзақ сақтау мерзімі 2 жыл.

Жүйені сақтау температурасы  $-5^\circ\text{C}$  ден  $+50^\circ\text{C}$  дейін. Сақтау мерзімі ішінде консервациялау талап етілмейді.

Химреагенттерді сақтау температурасы  $5^\circ\text{C}$  ден  $+40^\circ\text{C}$  дейін.



**Ескертпе**  
Тасымалдау кезіндегі зақым алу пайдалану кезінде персоналдың жарақат алу немесе бұйымның істен шығу мүмкіндігін арттырады.  
Орауды сілкімеңіз, қыспаңыз және құлатып алмаңыз.  
Орауды кеспеңіз және теспеңіз. Oxiperm Pro OCD-162-30 және 60 тік күйінде болуы тиіс.


### Химреагенттерді сақтау

- Химреагенттер тиісті түрде маркаланған, фирмалық пластикті контейнерлерде сақталуы тиіс.
- Химреагенттерді майлау заттарының, жанғыш заттардың, майлардың, қышқылдандыратын заттардың, қашқылдардың немесе тұздардың жанында сақтауға тыйым салынады.
- Бос немесе толтырылған контейнерлер жабық күйінде сақталуы тиіс, артығы сақтау процесі жазатайым оқиғаларды болдырмау бойынша жергілікті заңнамамен реттелетін аумақтарда.

## 3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



**Ескертпе**  
Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



TM04 8541 4506

1-сур. Қақпақсыз және сыртқы құрылғылар қондырғысы; OCD-162-5 (сол жақта), OCD-162-30 (ортада), OCD-162-60 (оң жақта),



### Ескертпе

Аталған нұсқауларды сақтамау электр тогы соғуының себебі болуы мүмкін және адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті салдарға әкеліп соғуы мүмкін.



Назар аударыңыз

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.



Нұсқау

Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

## 4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

Атаулы нұсқаулық Oxiperm Pro OCD-162 (v2.00.0 бағдарламасының нұсқасы) суды залалсыздандыру жүйесіне таратылады.

Хлордың диоксиді бойынша 5, 10, 30 және 60 г/сағ өндірімділігімен Oxiperm Pro OCD-162 суды залалсыздандыру жүйесі ауыз су, технологиялық, салқындатылған суды және ағын суды залалсыздандыруға арналған, натрий хлоры ( $\text{NaClO}_2$  - 7,5%) мен тұзды қышқыл ( $\text{HCl}$  - 9%) сұйытылған ерітінділерден алынатын  $\text{ClO}_2$  ерітіндісін генерациялайды және мөлшерлейді.

Реагенттер поддондарда орнатылған және қондырғы астында (OCD 162-5, -10), немесе қондырғының қатарындағы әрбір контейнерге арналған.

Әрбір контейнерге тиісті мөлшерлеу сорғысына жалғанған қатты сорып алу желісі орнатылады. Әрбір қатты сорып алу желісінің датчигі басқару блогына контейнердегі реагенттердің төмен деңгейі сигнал немесе босағандығы жөнінде сигнал береді.

Oxiperm Pro, OCD-162 жүйелері пластиктен жасалған көтергіш қаңқадан тұрады, қаңқаға ішкі компоненттер орнатылған. Қаңқа қабырғаға немесе еденге орнатуға арналған және пластикті қақпақпен жабдықталған.

Хлор диоксиді бойынша 60 г/сағ. өндірілімдік  $\text{ClO}_2$  0,4 мг/л жол берілетін концентрациясы кезінде (хлор диоксидін сумен қолданғанды есепке алмағанда) сағатына 150 м<sup>3</sup> ауыз суын зарасыздандыруға жеткілікті.

Қондырғы суға арналған екі құбыр желісіне қосылады.


- Ауыз су құбыр желісі реакторға араластыратын су беру үшін.
- Зарасыздандырылған суға арналған негізгі құбыр желісі, онда  $\text{ClO}_2$  ерітіндісі мөлшерленеді.

### Қорғаныш және бақылау құрылғысы

Қондырғы келесі қорғаныш және бақылау құралдарымен жабдықталған:

- химреагенттерді жинауға арналған екі контейнерге арналған екі түпқойма (керек жарақтар).
- авариялық сигнализация функцияларымен басқару блогы.

4.1 OCD-162-5/10/30/60 қондырғысының компоненттері




2-сур. Қақпақсыз OCD-162-5 (сол жақта) және OCD-162- 10 (оң жақта)

**Айқ. Компоненті**

1	Өлшеу және басқару жүйесі
2	Реактор
3	Ішкі мөлшерлеу сұйыққоймасы
4	Адсорбциялық сүзгі
5	NaClO <sub>2</sub> мөлшерлеу сорғысы
6	HCl мөлшерлеу сорғысы
7	ClO <sub>2</sub> мөлшерлеу сорғысы
8	Электрлі магнитті клапан (араластыратын суға арналған)
9	Қатты сорып алатын желі
10	Химиялық реагенті бар контейнер
11	Құрастыру түпқоймасы

TM06 0646 1114



3-сур. Қақпақсыз OCD-162-30 (сол жақта) және OCD-162-60 (оң жақта),


#### Айқ. Компоненті

- |   |  |
|---|--|
| 1 | Өлшеу және басқару жүйесі                              |
| 2 | Реактор  |
| 3 | Ішкі мөлшерлеу сұйыққоймасы                            |
| 4 | Адсорбционды сүзгі                                     |
| 5 | NaClO <sub>2</sub> мөлшерлеу сорғысы                   |
| 6 | HCl мөлшерлеу сорғысы                                  |
| 7 | ClO <sub>2</sub> мөлшерлеу сорғысы                     |
| 8 | Электрлі магнитті клапан (араластыратын суға арналған) |
| 9 | Сорып алатын қатты желі                                |

TM06 0647 1114

4.2 Реактордағы және мөлшерлеу сұйық қоймасындағы сұйықтық деңгейі

Реактор және ішкі мөлшерлеу сұйыққоймасы




4-сур. Реактор және ішкі мөлшерлеу сұйыққоймасы (OCD-162-5/-10-30)

Деңгей Сипаты	
K1	Судың бірінші берілісінің деңгейі
K2	HCl берілісінің деңгейі
K3	NaClO <sub>2</sub> берілісінің деңгейі
K4	Судың екінші берілісінің деңгейі
K5	Босату сигналының деңгейі
K6	Мейлінше жоғары деңгей

Айқ. Атауы	
A	Түсіру краны
B	Көпфункционалды клапанның қайта құю желісінен хлор диоксиді ерітіндісінің кіруі
C	NaClO <sub>2</sub> мөлшерлеу сорғысына хлор диоксиді ерітіндісінің шығуы
D	Газды фазаның көлемді жинақтағышқа шығуы
E	HCl сорғысы мен NaClO <sub>2</sub> сорғысынан араластыратын су және ерітінді кіруі
F	ClO <sub>2</sub> ерітіндісін қайта құю желісі
G	Ішкі мөлшерлеу сұйыққоймасын ауалау желісі


TM06 0166 5013



5-сур. Реактор және ішкі мөлшерлеу сұйыққоймасы (OCD-162-60)

TM06 0167 5013

## Сорып алатын қатты желілер



TM06 0165 0914

6-сур. Деңгей датчигі бар сорып алатын қатты желілер

Деңгей	Атауы	Зауыттық баптаулар
K7	Түйісу ажыратылған: HCl төменгі деңгейінің сигналы	N.O.
K8	Түйісу ажыратылған: HCl босату сигналы	N.O.
K9	Түйісу ажыратылған: NaClO <sub>2</sub> төменгі деңгейінің сигналы	N.O.
K10	Түйісу ажыратылған: NaClO <sub>2</sub> босату сигналы	N.O.

**Шартты типтік белгілері**


Мысалы: OCD-162-30-D/G1

<b>OCD-162</b>	-30	-D	/G	1
<b>Барынша жоғары өндірімділік</b>				
5	5 г/сағ			
10	10 г/сағ			
30	30 г/сағ			
60	230 В: 60 г/сағ, 115 В: 55 г/сағ			
<b>ClO<sub>2</sub> ерітіндісінің мөлшерлеу сорғысы</b>				
D	кіріктірілген DMX механикалық мөлшерлеу сорғысы (тек 30 г/сағ және 60 г/сағ үшін ғана)			
P	кіріктірілген DMX механикалық мөлшерлеу сорғысы (тек 30 г/сағ және 60 г/сағ үшін ғана)			
S	кіріктірілген SMART DDA сандық мөлшерлеу сорғысы (тек 30 г/сағ және 60 г/сағ үшін ғана)			
N	мөлшерлеу сорғысысыз			
<b>Электр қорегінің кернеуі</b>				
G	220-240 В, 50/60 Гц			
H	110-120 В, 50/60 Гц			

**Сорып алатын қатты желі**

Нөмірсіз	30 л көлемдегі химиялық реагенттер сұйыққоймасына арналған (нөмірдің сорып алатын қатты желісінің ұзындығы қосу 1,3 сорып алатын қатты желі) (тек 5 г/сағ және 10 г/сағ үшін арналған)
1	60 л көлемдегі химиялық реагенттер сұйыққоймасына арналған (нөмірдің сорып алатын қатты желісінің ұзындығы қосу 3,0 сорып алатын қатты желі) (тек 30 г/сағ және 60 г/сағ үшін арналған)
2	200/1000 л көлемдегі химиялық реагенттер сұйыққоймасына арналған (нөмірдің сорып алатын қатты желісінің ұзындығы қосу 4,3 сорып алатын қатты желі) (тек 30 г/сағ және 60 г/сағ үшін арналған)
3	Көлемі 55 галлон химиялық реагенттер сұйыққоймасына (нөмірдің сорып алатын қатты желісінің ұзындығы қосу 4,0 сорып алатын қатты желі) (тек 30 г/сағ және 60 г/сағ үшін арналған)

**Фирмалық тақташа**



7-сур. Фирмалық тақташа

**Айқ. Атаулары**

1	Типтік белгілері
2	Бұйым атауы
3	Қорғаныш дәрежесі
4	Сериялық нөмірі
5	Хлор диоксиді бойынша өндірімділігі
6	Өнім нөмірі
7	Дайындаушы ел
8	Өндіру күні [1-ші және 2-ші сандар – шығарылған жылы, 3-ші, 4-ші сандар – шығарылған аптасы]
9	Нарықтағы айналым белгісі
10	Кернеу
11	Жиілік
12	Тұтынылатын қуат

**Өнім нөмірі**

ClO <sub>2</sub> өндірімділік [г/сағ]	ClO <sub>2</sub> мөлшерлеу сорғысы	Кернеу [В]	OCD-162-	Өнім нөмірі
5	DDA	230 В, 50/60 Гц	5-S/G	95735153
	-		5-N/G	95735156
	DDA	115 В, 50/60 Гц	5-S/H	95735154
	-		5-S/H3	95735155
	-		5-N/H	95735157
	-		5-N/H3	95735158
10	DDA	230 В, 50/60 Гц	10-S/G	95735161
	-		10-N/G	95735164
	DDA	115 В, 50/60 Гц	10-S/H	95735162
	-		10-S/H3	95735163
	-		10-N/H	95735165
	-		10-N/H3	95735166
30	DMX		30-D/G1	95735169
	-		30-D/G2	95735173
	DDI	230 В, 50 Гц	30-P/G1	95735171
	-		30-P/G2	95735175
	-		30-N/G1	95735179
	-		30-N/G2	95735180
60	DDI	115 В, 60 Гц	30-P/H1	95735172
	-		30-P/H2	95735176
	-		30-P/H3	95735178
	-		30-N/H3	95735181
	DMX		60-D/G1	95718452
	DDI	230 В, 50 Гц	60-D/G2	95718456
55	-		60-P/G1	95718454
	-		60-P/G2	95718458
	-		60-N/G1	95725956
	-		60-N/G2	95725957
	DDI	115 В, 60 Гц	60-P/H1	95736300
	-		60-P/H2	95736302
-		60-P/H3	95736304	
-		60-N/H3	95736305	



## Қосымша жабдықтары

Oxiperm® Pro, OCD-162 суды дезинфекциялау жүйелері қосымша жабдықтармен жабдықталуы мүмкін:

- өлшеу ұяшығы;
- өлшеу модулі;
- байпасты араластырғыш модулі;
- сыртқы мөлшерлеу сұйық қоймасы;

(8.2 Oxiperm Pro жүйелерін жиынтықтау нұсқалары және керек-жарақтары тарауын қар. (16. Қосымша жабдықтар және керек-жарақтар тарауын қар.).

Неғұрлым нақтырақ ақпарат тиісті қосымша жабдықтың орнату және пайдалану бойынша нұсқаулығында көрсетілген.

## Жеткізу жиынтығы

Жүйеге арналған қақпағы, құбыршегі және бекіту бұрандалары бар бір жәшік және қосымша жабдықтарға арналған бір жәшік.

## 5. Орау және жылжыту

### 5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

### Орауды ашу:

#### Ескертпе

**Орауды сілкімеңіз, қыспаңыз және құлатпаңыз. Орауды тілмеңіз және теспеңіз. Орауды ашыңыз және ұқыптап жабдықты жәшіктен алып шығыңыз.**

**Құбыршектерді және кабелдерді майыстырмаңыз.**

**Тасымалдау кезінде Oxiperm Pro OCD-162-30 және -60 жүйелері тік күйінде болуы тиіс.**



1. Орауды ашыңыз.
2. Бұйымды ұқыптап жәшіктен алыңыз.
3. Бұйымды қайтару үшін, түпкі орауын сақтап қойыңыз.
4. Бұйымды, әсіресе құбыршектер мен құбырларды тасымалдау кезінде зақымдалмағандығын тексеріңіз

Нұсқау

#### Oxiperm Pro OCD-162-60:

**NaClO<sub>2</sub> және HCl мөлшерлеу сорғыларының қорғаныш орамын алып тастаңыз.**



8-сур. OCD-162-60 қорғаныш орауы

### Тасымалдау кезіндегі зақымданулар:

1. Бұйымды оның өзінің түпкі орауына ораңыз.
2. Экспедиторға тасымалдау кезінде болған зақымның табылғандығы жөнінде хабарлаңыз.
3. Бұйымды жеткізушіге қайтарыңыз.

### Әрі қарай тасымалдау алдындағы бұрын пайдалануда болған жүйенің орауы:

1. Жуып кептіргеннен кейін, қондырғының қаңқасын түпкі орауына салыңыз, қатты сорып алу желісін орналастырыңыз және оқшаулау материалын салыңыз.
2. Құрғақ құбыршектерді қорапқа қаптап салыңыз.
3. Кабельдерді қаптап қорапқа салыңыз.
4. Бекіту бұрандаларын пакетке салып, оны кабель салынған қорапқа орналастырыңыз.
5. OCD-160-60 үшін: NaClO<sub>2</sub> және HCl мөлшерлеу сорғыларының қорғаныш орамын орнатыңыз.
6. Егер мүмкіндік болса, өлшеу ұяшығын және керек-жарақтарды түпкі орауға салыңыз, оқшаулау материалымен ораңыз, мөрлеңіз және жөнелтуге дайындаңыз.
7. Егер қолданбалы болатын болса, байпасты араластырғыш модульды немесе өлшеуіш модульді, сонымен қатар орнатуға арналған керек-жарақтарды, кабельдерді және құбыршектерді түпкі орауға орналастырыңыз, оқшаулау материалымен ораңыз және жөнелтуге дайындаңыз.
8. Қораптың ішіне құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты салыңыз, және қорапты сақтау немесе тасымалдау үшін, герметикалы қылып жабыңыз. Жүкқұжатты қоса салыңыз.



**Ескертпе**  
OCD-162-030 және OCD-162-060 қондырғыларын тасымалдау үшін, оларды паллеттерге тиісті бұрандалармен бекіту қажет.

### 5.2 Жылжыту



**Ескертпе**  
Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.

Назар аударыңыз

Құрылғыны тұтыну кабелінен көтеруге рұқсат етілмейді.

## 6. Қолданылу аясы

Қондырғыны үш жағдайда қолдануға болады:

### Құбыр желілеріндегі ауыз суды зарасыздандыру

- Су шығыны едіуір ауытқуы мүмкін (қарбалас уақыты, су жуу немесе тамақ дайындау үшін, қолданылған кезде).
- Судағы ластанудың деңгейі мен типі едәуір өзгеруі мүмкін (ауыспалы ауытқу).
- Мысалдар:
  - Қонақ үйлер, көп пәтерлі үйлер;
  - мектептер, ауруханалар, қарттар үйлері;
  - гимнастикалық залдардағы немесе жүзу бассейндеріндегі душтар;
  - азық-түлік және сусындар шығаруға арналған өнеркәсіптік қондырғылар;
  - сумен жабдықтау жүйелері.

### Өнеркәсіптік жүйелерді зарасыздандыру

- Мөлшерлеу шығынға тепе-тең реттеледі.
- Мөлшерлеу орнатылған немесе нақты мәндерді салыстыру жолымен реттеледі.
- Бұндай жүйелерде су шығынының деңгейі біршама тұрақты болады.
- Судағы ластанудың деңгейі және типі (ауыспалы ауытқу), әдеттегідей өлшенеді.
- Мысалдар:
  - сыра қайнату зауыттарындағы шөлмек жуу қондырғылары;
  - технологиялық су немесе ағын су;
  - салқындату жүйелері.

### Екпінді дезинфекциялау

Бұл қолданыс үшін,  $\text{ClO}_2$  ерітіндісін уақытша сақтауға арналған сыртқы сұйық қойма қажет.

- Қысқа уақыт аралығында дезинфектанттың көп мөлшері қажет болған жағдайларда.
- Мысал: құйын тәрізді ванналарды тазарту.

## 7. Қолданылу қағидаты

Қондырғы ауыз суды, технологиялық, салқындатқыш суды және ағын суда дезинфекциялау үшін,  $\text{ClO}_2$  мөлшерлейді және түрлендіреді. Хлордың диоксиді Oxiperm Pro қондырғысында талап қою бойынша натрий хлоритінің ( $\text{NaClO}_2$  7.5%) және тұз қышқылының (HCl 9%) қосылған ерітінділерінен өндіріледі.

Хлор диоксидінің ерітіндісін алу процесі реакторда жүргізіледі.  $\text{ClO}_2$  дайын ерітіндісі ішкі немесе сыртқы мөлшерлеу сұйыққоймасына келіп түседі және сыртқы немесе ішкі мөлшерлеу сорғысын қолдана отырып, қажеттілігіне қарай өңделетін судың құбырына толықтырып қосылады.

### 7.1 Хлор диоксидін алу

Хлор қостотығының ерітіндісі реакторды келесі жолмен алынады (9-сур. қар.):

Мәзірде «НАЧАТЬ ПРОИЗВОДСТВО  $\text{ClO}_2$ » ( $\text{ClO}_2$  өндіруді бастау) командасын инициализацияландығаннан кейін, басқару блогы жаңа процесті іске қосады.

1. Су берудің электромагнитті клапаны ашылады. Реактордағы деңгей көтеріледі.
2. Реактордағы су деңгейі ең төменгі нүктеге (K1) жеткен кезде, электромагнитті клапан жабылады және судың берілуі тоқтатылады.
3. Басқару модулі HCl ерітіндісін реакторға беру сорғысын іске қосады.
4. Қалтқы K2 деңгейіне жеткен кезде, басқару блогы HCl ерітіндісін беру сорғысын тоқтатады.
5. Басқару блогы  $\text{NaClO}_2$  ерітіндісін реакторға беру сорғысын іске қосады.
6. Қалтқы K3 деңгейіне жеткен кезде, басқару блогы  $\text{NaClO}_2$  ерітіндісін беру сорғысын тоқтатады..

7. Реакция жүру процесі басталады. Реакция ұзақтығы: 15 минут.
8. Реакция жүру уақыты өткеннен кейін, (таймер) басқару блогы қайтадан су берудің электромагнитті клапанын ашады және реактор K4 деңгейіне дейін сумен толтырылады.
9. Енді реактордың ішінде  $\text{ClO}_2$  бойынша концентрациясы 2 г/л дайын ерітінді бар.
10. Сұйыққойма-жинақтауыш әлі дайын  $\text{ClO}_2$  ерітіндісімен толтырулы және су беру тоқтатылады.
11. Сұйыққойма-жинақтауыштағы қалтқының ауыстырып қосқышы басқару блогына «босату» (K5) сигналын берген кезде, қайтадан электромагнитті клапан ашылады және реакторға су беріледі. Реактор асып толады және гидравликалық эффект барлық порцияның орталық құбыр арқылы реактордан сұйыққойма-жинақтауышқа ағуын шақыртады. Сұйыққоймадағы деңгей K5 нүктесінен жоғары көтерілген кезде, су берілу тоқтатылады.
12. Егер жүйе «бір рет» режимінде болатын болса, процесс тоқтатылады. «Үздіксіз» режимінде қалтқыны ең төменгі деңгейден (K1) төмен түсіргеннен кейін, 60 (OCD-162-5) немесе 70 (OCD-162-10) секундтан кейін, реактор бос деп есептеледі және процесс қайтадан басталады (1 кезеңді қар.).
13. Мөлшерлеу сорғысы  $\text{ClO}_2$  ерітіндісінің порциясын сұйыққойма-жинақтауыштан инжекцияны клапанға береді.


### 7.2 Шығынға тепе-тең мөлшерлеу

1. Басқару жүйесі судың шығынына тепе-тең мөлшерлеуге бапталған.
2. Шығын өлшеуіштер құбыр суына арналған құбыр желілеріндегі су ағысының жылдамдығын өлшейді және өлшенген мәндерді үздіксіз Oxiperm Pro басқару жүйесіне беріп отырады.
3. Тепе-теңдікті реттеуіш бас магистральдағы су шығынына тепе-тең  $\text{ClO}_2$  ерітіндісінің қажетті мөлшерлеу көлемін есептейді.
4. Тепе-теңдікті реттеуіш тиісті шығу сигналдарын мөлшерлеу сорғысына беріп отырады.
5. Мөлшерлеу сорғысы сұйыққойма-жинақтағыштан құбыржелісіне  $\text{ClO}_2$  ерітіндісінің тиісті көлемін мөлшерлейді.
6. Қосымшы өлшеу ұяшығы бас магистральда  $\text{ClO}_2$  концентрациясын бақылайды.

### 7.3 Реттелетін орнатылған мәнмен мөлшерлеу

1. Реттеу жүйесі бас магистральда  $\text{ClO}_2$  қажетті концентрациясының орнатылған мәніне бапталған.
2. Өлшеу ұяшығы бас магистральдағы  $\text{ClO}_2$  концентрациясын бақылайды.
3. Өлшеу ұяшығы  $\text{ClO}_2$  концентрациясының ағымдағы мәндерін Oxiperm Pro жүйесінің бақылаушысына үздіксіз беріп отырады.
4. Орнатылған мәннің реттеуіші келіп түскен ағымдағы мәндерді орнатылған мәннің салыстырады және ауытқудың негізінде керекті концентрацияға жетуге қажетті  $\text{ClO}_2$  ерітіндісінің көлемін есептейді.
5. Орнатылған мәннің реттеуіші шығу сигналдарын мөлшерлеу сорғысына беріп отырады.
6. Мөлшерлеу сорғысы сұйыққойма-жинақтауыштан құбыр желісіне  $\text{ClO}_2$  ерітіндісінің тиісті көлемін мөлшерлейді.

Құрамдастырылған реттеуіш сонымен қатар орнатылған мәннің реттеуішімен және қондырғысы бар реттеуіш және су өлшеуішке арналған қосымшаға арналған су шығынөлшеуішімен қолданыла алады.



9-сур. Oxiperm Pro OCD-162-5/-10/-30 жүйесінің реакторы мен сұйыққойма жинақтағышын жасау

#### Айқ. Атауы

K1	1-деңгей
K2	2-деңгей
K3	3-деңгей
K4	4-деңгей
K5	ішкі сұйыққойма бос
K6	ішкі сұйыққойма толы
A	қолмен ағызып алу
B	көп функционалды клапаннан қайта құю желісі
C	мөлшерлеу сорғысына
D	сдсорбты сүзгіге
E	су, HCl, NaClO <sub>2</sub>
F	ClO <sub>2</sub> ерітіндісі
G	ClO <sub>2</sub> газ

## 8. Құрастыру

### 8.1 Oxiperm Pro жүйесін құрастыру орнына қойылатын талаптар



#### Ескертпе

Дұрыс құрастырмау персоналдың жарақат алуына және құрылғының зақымдануына әкеліп соғуы мүмкін.

Қондырғыны құрастыруды тек өкілетті қызмет көрсететін персонал ғана орындай алады.

#### Нұсқау

Газдың жылыстауы туралы ескерту құрылғысын орнату ұсынылады.

Конструктивті, техникалық қауіпсіздікті және Oxiperm Pro жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, төменде көрсетілген барлық талаптарды орындау қажет. Пайдаланушы ұйым төменде көрсетілген барлық шарттар қондырғыны орнату басталғанға дейін орындалатынына кепіл беруі тиіс.

Oxiperm Pro жүйесін құрастыру орны келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

- Жақсы желдетілетін және жеткілікті жарықтандырылған. Oxiperm Pro ашық жерде орнатылмауы тиіс.
- 14.3 Пайдалану шарттары тарауында белгіленген ауа температурасына, ылғалдылығына, компоненттердің рұқсатты жұмыс температурасына және араластырылатын судың сапасына қатысты шарттар орындалуы тиіс.
- Үй-жайдың қабырғасы және едені бетоннан жасалған болуы тиіс. Бұл OCD-162-5, -10 қондырғысын бекіткішімен қабырғаға (бекіту бұрандаларына арналған қабырғаның қалыңдығы 0,1 м) орнатуға немесе OCD-162-30, -60 қондырғысын бекіткішімен еденге орнатуға мүмкіндік береді.
- Электр қорегі болуы тиіс.
- Су құбырына қол жетімділік болуы тиіс.
- Ауыз су сапасына сәйкес келетін, қол клапаны бар араластыратын суға арналған жалғау болуы тиіс.
- Химреагенттерді шаюға және су сынамасын ағызып жіберуге арналған еденде саңылау болуы тиіс.
- Химреагенттерге арналған толы немесе бос контейнерлерді сақтауға арналған жеке үй-жай болуы тиіс.
- Өртке қарсы қорғану тұрғысында басқа үй-жайлардан оқшауланған болуы тиіс.
- Рұқсатсыз кіруден сақталған және қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес келетін болуы тиіс.
- Персоналмен үнемі пайдаланылмауы тиіс.
- Қабырғаның (кірпіш/бетон) ең жұқа қалыңдығы: 0,10 м.
- Төбенің ең төмен биіктігі: 2,20 м.
- Қондырғыны орнату биіктігі: дисплей көз деңгейінде.
- Инжекционды кларан мен өлшеуге су сынамасын алатын нүкте аралығы: 3,00 м.
- Қондырғының жоғарғы шеті мен төбенің арасындағы ең аз арақашықтық: 0,19 м.
- Екі жағындағы ең аз саңылау: 0,20 м.
- Орып алу құбыршектерінің мейлінше ұзындығы: 4,30 м.

#### Дұрыс құрастыру:


Қондырғы тігінен орнатылуы тиіс. Еңкістігі 5 артпауы тиіс. Қондырғының 5 жоғары еңкістігі оның жұмысының сенімділігін төмендетеді.

#### Нұсқау

Қондырғының габаритті көлемдерін 1-қосымшадан қар..

## 8.2 Охирегт Pro жүйесін құрастыру нұсқалары

### 8.2.1 Өлшеу ұяшықтарымен орнату




10-сур. Өлшеу ұяшығы бар OCD-162

#### Айқ. Атауы

- |    |  |
|----|--|
| 1  | OCD-162  |
| 2  | Залаласыздандыру өтетін басты құбыр желісі       |
| 3  | Тиекті краны бар араластыратын суды таңдау буыны |
| 4  | Араластыратын су беретін желі                    |
| 5  | Лай тұтқыш                                       |
| 6  | Шығын өлшегіш                                    |
| 7  | Шығын өлшегішінің сигналды кабелі                |
| 8  | Инжекционды клапан                               |
| 9  | Мөлшерлеу желісі                                 |
| 10 | Өлшеу ұяшығы                                     |
| 11 | ClO <sub>2</sub> өлшегішінің сигналды кабелі     |
| 12 | Өлшеу ұяшығына су сынағын таңдау буыны           |
| 13 | Су сынағын жеткізетін желі                       |
| 18 | Ағызып алу                                       |

## 8.2.2 Байпасты араластырғыш модулі бар қондырғы




11-сур. Араластырғыш модулі және өлшеу ұяшықтары бар OCD-162

**Айқ. Атауы**

1	OCD-162
2	Залалсыздандыру өтетін басты құбыр желісі
3	Тиекті краны бар араластыратын су таңдау буыны
4	Араластыратын су беру желісі
5	Лай тұтқыш
6	Шығын өлшегіш
7	Шығын өлшегішінің сигналды кабелі
8	Инжекционды клапан
9	Мөлшерлеу желісі
10	Өлшеу ұяшығы
11	ClO <sub>2</sub> өлшегішінің сигналды кабелі
12	Өлшеу ұяшығына су сынағын таңдау торабы
13	Су сынағын жеткізу желісі
15	Араластырғыш модуль
18	Ағызып алу

ТМ06 1095 1814

8.2.3 Өлшеу модулі бар қондырғы




12-сур. Өлшеу модулі және екі мөлшерлеу сорғысы бар OCD-162

Айқ. Атауы

1	OCD-162
2	Залалсыздандыру өтетін басты құбыр желісі
3	Тиекті краны бар араластыратын су таңдау торабы
4	Араластыратын су беру желісі
5	Лай тұтқыш
6	Шығын өлшегіш
7	Шығын өлшегішінің сигналды кабелі
8	Инжекционды клапан
9	Мөлшерлеу желісі
10	Өлшеу ұяшығы
11	ClO <sub>2</sub> өлшегішінің сигналды кабелі
12	Өлшеу ұяшығына су сынағын таңдау торабы
13	Су сынағын жеткізу желісі
16	Өлшеу модулі
17	ClO <sub>2</sub> қосымша мөлшерлеу сорғысы
18	Ағызып алу
19	Өлшеу зорайтқышы

## 8.2.4 Сыртқы мөлшерлеу сорғысы бар қондырғы



13-сур. Сыртқы мөлшерлеу сұйыққоймасы және екі мөлшерлеу сорғысы бар OCD-162

**Айқ. Атауы**

1	OCD-162
2	Залаласыздандыру өтетін басты құбыр жетегі
3	Тиекті краны бар араластыратын суды таңдау буыны
4	Суды беру желісі
5	Лай тұтқыш
6	Шығын өлшегіш
7	Шығын өлшегішінің сигналды кабелі
8	Инжекционды клапан
9	Мөлшерлеу желісі
17	ClO <sub>2</sub> қосымша мөлшерлеу сорғысы
20	Сыртқы мөлшерлеу сұйыққоймасы
21	Сыртқы мөлшерлеу сұйыққоймасының сигналды кабелі

TM06 1093 1814

### 8.3 Қосымша жабдықтарды құрастыру

Өлшеу ұяшығы, өлшеу модулі немесе байпасты араластырғыш модулі сияқты қосымша жабдықтар қабырғаға бекітілуі тиіс.

Неғұрлым нақтырақ ақпарат тиісті қосымша жабдықтың құрастыру және пайдалану бойынша Төлқұжатында ұсынылған.

### 8.4 Химреагенттерге арналған контейнерлер және қатты сорып алу желілері

**Ескертпе**

**Қатты сорып алу желілерін және кабельдерді шамадан артық майыстырмаңыздар. Құбыршектен артық майыстыру персоналдың жарақат алуына және мүліктің зақымдануына әкеліп соғуы мүмкін. Қатты сорып алу желілерін мүмкін болатын жерде қатаң тігінен орналастырыңыз. Түйіндер қалдырмаңыздар.**

**Ескертпе**

**Сорып алу құбыршегінен реагенттердің ағу қауіпі.**

**Қатты сорып алу желілері мен сорғыны жалғайтын сорып алу құбыршектерін созбаңыздар.**

**Егер сорып алу құбыршегі тым қатты керілген болатын болса, ол түтікшеден ысырылып кетуі мүмкін.**

**Ескертпе**

**Газ тәрізді  $ClO_2$  улану қауіпі.  $NaClO_2$  және  $HCl$  араластыру кезіндегі жарылыс қауіпі.**

**Натрий хлориті және тұз қышқылының қатты сорып алу желілерін бір шелекке салмаңыз. Қатты сорып алатын желілерді сәйкес келмейтін контейнерлерге қоймаңыз.  $OCD-162-5, -10$ : Химреагенттер бар контейнерлер қондырғының астында орнастырылғанына көз жеткізіңіз.**

**Химреагенттерге арналған контейнерлердегі, қатты сорып алу желілеріндегі және сорғылардағы маркауларды сақтаңыз:**

**қызыл= $HCl$   
көк= $NaClO_2$ .**

**Ескертпе**

**Химреагенттерді дұрыс сақтамау кезінде тұтану немесе тот басу қауіпі туындайды.**

**$HCl$  and  $NaClO_2$  майлау материалдарының, тұтанғыш заттардың және тотықтырғыштардың және тұздардың жанында сақтамаңыз.**

**Химреагенттерді сақтауға рұқсат алыңыз.**

1. Қондырғының қақпағын ағытып алыңыз.
2. Тұз қышқылының қатты сорып алу желісінен келетін құбыршекті (қызыл түсті)  $HCl$  (қызыл түспен маркаланған) сорғысындағы тиісті кіруге жалғаңыз

**Қатты сорып алу желілерінің қалқымалы деңгей өлшеуішінің жоғарғы бетінде  $H_3$  белгісі көрінетін болуы тиіс (14 сур. 2-айқ. қар.). Бұндай болмаған жағдайда қалқымалы деңгей өлшеуішті аударып қойыңыз.**

Нұсқау

3.  $HCl$  бар контейнерді ( $OCD-162-5, -10$ ) қондырғының астындағы оң жақтағы қызыл түсті түпқоймаға немесе ( $OCD-162-30, -60$ ) қондырғының жанына орнатыңыз.
4. Контейнердің қақпағын бұрап ағытыңыз. Қызыл түсті белгі қойылған қатты сорып алу желісін контейнерге түсіріңіз. Қатты сорып алу желісінің қақпағын контейнерге бұрап бекітіңіз.
5.  $NaClO_2$  соратын, түтікшеден келетін, құбыршекті (көк түсті)  $NaClO_2$  арналған сорғының тиісті кіруіне жалғаңыз (көк түспен маркаланған).
6.  $NaClO_2$  бар контейнерді ( $OCD-162-5, -10$ ) қондырғының астындағы сол жақтағы көк түсті түпқоймаға немесе ( $OCD-162-30, -60$ ) қондырғының жанына орнатыңыз.


7. Контейнер қақпағын бұраңыз. Сорып алатын қатты желіні көк белгісімен контейнерге түсіріңіз. Сорып алатын қатты желінің қақпағын контейнерге бұрап кигізіңіз.

### Сорып алатын қатты желі қалқымасы кереғарлығының өзгерісі

Қатты желі қалқымасы кереғарлығын өзгерту үшін, деңгейөлшегіш қалқымасын аударыңыз.

Егер сорып алатын қатты желінің деңгейөлшегіші қалқымасының жоғарғы бетінде  $H_0$  ерекшелік белгісі болған жағдайда ғана оны аударыстыру керек.

1. Деңгейөлшегіш қалқымасын бір жағына шешіп алыңыз.
2. Қалқыманы  $180^\circ$  жайыңыз және оны бекітіңіз. Қалқыманың  $H_3$  белгісі жоғары қарағандығына көз жеткізіңіз.




TM06 0639 0214

14-сур. Қалқыманың кереғарлығын өзгерісі

Айқ. Сипаты	Символы
1 $H_0$ қалқымасының түйістіргісі (қалыпты түрде ашық)	
2 $H_3$ қалқымасының түйістіргісі (қалыпты түрде тұйықталған)	


### 8.5 Гидравликалық қосылым



TM06 0638 0714


15-сур.  $OCD-162-05 (-10)$





TM05 9974 0314

16-сур. OCD-162-30



TM05 9975 0314

17-сур. OCD-162-60

**Айқ. Сипаты**

- |   |  |
|---|--|
| 1 | Құбыршекке арналған ішкі мөлшерлеу сұйыққоймасынан шығару кранына дейін жалғау   |
| 2 | Қатты сорып алатын желінің құбыршегі   |
| 3 | Мөлшерлеу сорғысының көпфункционалды клапанынан инжекционды клапанға мөлшерлеу желісі (15-сур.) немесе мөлшерлеу желісін қосу орны (16 және 17-сур.) |
| 4 | Араластыратын суға қосуға арналған электрлі магнитті клапан  |

### 8.5.1 Қондырғының көтергіш қаңқасындағы гидравликалық жалғаулар

1. Араластыратын суда алу торабын жабыңыз.
2. Араластыратын суды беруге арналған құбыршекті араластыратын суды алу торабына жалғаңыз (8.2 *OxiPerm Pro* жүйесін жиынтықтау нұсқалары тарауын қар.).
3. Араластыратын су беру құбыршегін қондырғыға тартыңыз.

**Құбыршектің ұзындығы мейілінше қысқа болуы тиіс және оның қатты майысуын болдырмау керек. Электромагнитті клапан ашық тұрған кезде, араластыратын судың қысымы >3 бар құрайтындығына көз жекізіңіз.**

Нұсқау

4. Араластыратын судың құбыршегін электромагнитті клапанға жалғаңыз.
5.  $ClO_2$  ерітіндісінің құбыршегін мөлшерлеу сорғысындағы көпфункционалды клапаннан иженкционды клапанға (тапсырыс берушімен тартылған қорғаныш түтікте) тартыңыз және оны жалғаңыз.
6. Құбыршекті ішкі мөлшерлеу сұйыққоймасынан шығу кранына қосыңыз.



**Ескертпе**  
Егер мөлшерлеу желісіне арнап қорғаныш құбыржелісі орнатылған болса, оның ұзындығы 3 метрден артпауы тиіс. Жоғары концентрациялы ерітіндінің жиналу тәуекелі және газ тәрізді  $ClO_2$  жылыстау қауіпі.

### 8.5.2 Сыртқы мөлшерлеу сорғысының гидравликалық қосылулары

Сыртқы мөлшерлеу сорғысы стандартты жиынтыққа кірмейді.



**Ескертпе**  
Дұрыс құрастырмау елеулі жарақаттар алуға және мүліктің зақымдануына әкеліп соғуы мүмкін.  
Сыртқы мөлшерлеу сорғысын қондырғыға қосуды тек өкілетті персонал орындайды.

1. Мөлшерлеу желісін мөлшерлеу сұйыққоймасынан сыртқы мөлшерлеу сорғысының сорып алу клапанына тартыңыз.
2. Желіні сыртқы мөлшерлеу сорғысының сақтандыру клапанынан ішкі мөлшерлеу сұйыққоймасына жүргізіңіз және оны қосыңыз.
3. Мөлшерлеу желісін сыртқы мөлшерлеу сорғысынан инжекционды клапанға дейін жүргізіңіз және оны жалғаңыз.

### 8.5.3 Өлшеу ұяшығының гидравликалық жалғаулары

1. Құбыршекті бас құбыржелісіндегі су алу құрылғысына жалғаңыз, өлшеу ұяшығына жүргізіңіз және оған жалғаңыз.
2. Су сынамасын ағызып жіберуге арналған тағыда бір құбыршекті өлшеу ұяшығының шығу саңылауына жалғаңыз және әріқарай ағызып жіберетін жерге дейін жүргізіңіз.

Неғұрлым нақтырақ ақпарат өлшеу ұяшығының құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықта ұсынылған.

### 8.5.4 Өлшеу модулінің гидравликалық жалғаулары

1. Құбыршекті бас құбыржелісіндегі су алу құрылғысына жалғаңыз, өлшеу модулінің шығу саңылауына жүргізіңіз және оған жалғаңыз.
2. Өлшеу модулінің шығу саңылауына тағыда бір құбыршек жалғаңыз, оны бас құбыржелісіндегі инжекционды клапанға жүргізіңіз және оған жалғаңыз.

Неғұрлым нақтырақ ақпарат өлшеу модулінің құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулығында келтірілген.

### 8.5.5 Байпасты араластырғыш модулінің гидравликалық жалғаулары

1. Мөлшерлеу сорғысынан шығатын мөлшерлеу желісін байпасты араластырғыш модульдағы инжекционды клапанға жалғаңыз.
2. Құбыршекті бас құбыржелісіндегі алу құрылғысынан байпасты араластырғыш модульге жүргізіңіз.
3. Байпасты араластырғыш модулінен тағы бір құбыршекті бас құбыржелісіндегі инжекционды клапанға жалғаңыз.

Неғұрлым нақтырақ ақпарат байпасты араластырғыш модулінің құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулығында ұсынылған.

## 9. Электр жабдықты қосу



**Ескертпе**  
Электр құрылғыны қосуды тек өкілетті қызмет көрсететін персонал ғана орындай алады.



**Ескертпе**  
Зақымданған (тасымалдау кезінде немесе қате құрастыру кезіндегі болған зақымдар) электр құрылғысынан ток соғу қауіпі. Басқару блогының артындағы жабық емес жерлерге соқтықпаңыз. Кабельдерді шамадан артық майыстырмаңыз.



18-сур. Кабельді муфталармен басқару блогы

Пайдалануға енгізу кезеңінде келесі компоненттер қосылуы мүмкін:

- сигналды индикатор немесе дыбысты сигнализация жүйесі;
- шығынөлшеуіш;
- өлшеу ұяшығы;
- байпасты өлшеу модулінен су сынамасының датчигі;
- ақаулықтар кіруі, мысалы, газдың жылыстауын табу құрылғысы;
- байпасты араластырғыш модульдегі шығын релесі;
- мөлшерлеуді тоқтату кіруі, мысалы, басқарудың жоғары деңгейлі жүйесіне;
- сыртқы мөлшерлеу сұйыққоймасының деңгей датчиктері.

### Кабельді муфта арқылы жүргізу

1. Басқару блогының астындағы тік бұрышты қақпақтағы екі бұранданы босатыңыз. Қақпақты шешіп алыңыз.
2. Кабель муфтасын босатыңыз және кабельді тартыңыз.
3. Клеммалық жалғаулар схемасында көрсетілгендей қылып кабельдерді қосыңыз (9.10 *Клеммалы жалғаулар* тарауын қар.).
4. Кабельді муфтаны қолмен қатайтып тартыңыз.

### 9.1 Шығын өлшегішті қосу


Жалғаулар шығын өлшегіштің типіне байланысты болады (импульсты немесе ток сигналымен).

Шығын өлшеуіштің сигналды кабелін басқару блогына жалғаңыз (9.10 Клеммалы жалғаулар тарауын қар.).

### 9.2 Өлшеу ұяшығын қосу

#### AQC-D11 өлшеу ұяшығы

Басқару блогына өлшеу электродын және электродқа қарсыны қосыңыз, сонымен қатар су сынамаcының датчигін, Pt100 температура датчигін, рН/ОВП электродын және тазарту моторын ( сонымен қатар AQC-11 арналған «Төлқұжат, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулықты» қар.).




19-сур. AQC-D11 жалғанымының сызбасы

Айқ. Компоненті	Айқ. Компоненті
1 Қоңыр	8 Электрлі салыстыру Электрлі
2 Ақ	9 салыстырылымымен өлшеу электроды
3 Қара	10 Электродқа қарсылық
4 Көк	11 Pt100 температурасының датчигі
6 Сыртқы сым (экран)	12 Су ағынының датчигі
7 Ішкі сым	K2 Электрге қарсылығының штепселі

#### AQC-D6 өлшеу ұяшығы

Өлшеу электродты және қарсылық электродты  $ClO_2$  жалғаңыз. ( сонымен қатар AQC-D6 арналған «Төлқұжат, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулықты» қар.).



20-сур. AQC-D6 жалғанымының сызбасы

Айқ. Компоненті	Сипаты
67 - 12 В	Қоңыр
68 ⊥	Ақ
69 М	Сары
72 ⊥	Жасыл

### Су ағынының датчигі

Айқ. Жалғаным	Сипаты
54 +	Қара
53 -	Ақ

### 9.3 Байпасты араластырғыш модуль

Кабельді шығын релесінен 49/50 клеммасына дейін тартыңыз (9.10 Клеммалы жалғаулар тарауын қар.).

### 9.4 Мөлшерлеуді тоқтату

Кабельді жоғары деңгейді бақылау жүйесінен 49/50 клеммаларына қосыңыз (9.10 Клеммалы жалғаулар тарауын қар.).

### 9.5 Сигналды индикаторды немесе дыбысты сигнал жүйесін қосу

Сигналды индикатор немесе дыбысты сигнал жүйесінің кабелін топтық реле немесе сигналды релеге қосыңыз.

- Авария релесін қосыңыз.
  - 25 және 29 НЗ клеммалары
  - 25 және 27 НО клеммалары
- Ескертулер релесін қосыңыз
  - 26 және 30 НЗ клеммалары
  - 26 және 28 НО клеммалары.

### 9.6 Ақаулық кіруін қосу

Кабельді газды табу құрылғысынан 51/52 клеммаларына қосыңыз (9.10 Клеммалы жалғаулар тарауын қар.).

### 9.7 Сыртқы құрылғылардың қорек көзін қосу

Екі сыртқы құрылғы көрнеуі 230 В/115 В қорек желісінен қоректене алады.

Бос кабельді муфталарды таңдаңыз және 14/16/18 және 20/22/24 клеммаларына жалғаңыз (9.10 Клеммалы жалғаулар тарауын қар.).

### 9.8 Сыртқы мөлшерлеу сұйыққоймасының деңгей өлшеуішін қосу

Сыртқы мөлшерлеу сұйыққоймасы үш екіпозициялы ауыстырып қосу релесі бар дейгей өлшегішпен жеткізіледі.

Қалтқы түбінде тұрған кезде әрбір ауыстырып қосу релесінің күй индикаторының өрісі қара түсті екеніне көз жеткізіңіз.



21-сур. Ауыстырып қосудың екі позициялы релесі

Егер күй индикаторының өрісі ақ түсті болып жанып тұрса, ауыстырып қосудың тиісті релесін ауыстырып қосыңыз.

**Ауыстырып қосу релесінің өзгеруі**

1. Корпустың қақпағын ағытып алыңыз.
2. Индикатордың барабанын сағат тілі бойынша баяулап бұрыңыз, статус индикаторының өрісі қара түсті болғанша.
3. Корпустың қақпағын орнатыңыз.

**Сыртқы мөлшерлеу сұйыққоймасының клеммаларын қосу**

Клеммаларды қосу келесі кестеде көрсетілген.

Клеммалар		Түйістіргілер күйі	Ауыстырып қосқыш	Деңгей
БК-390	OCD			
2	48	N.C.	K13	Мейлінше тым жоғары
3	47			
1	46	N.O.	K12	Мейлінше жоғары
2	48			
1	45	N.O.	K11	Мейлінше төмен
2	48			
-	-	-	-	Мейлінше тым төмен
-	-	-	-	(құрғақ айналым) (қосылусыз)

**9.9 Электр қорегі кабелін қосу**

**Ескертпе**

Электрқұрылғыларын қателесіп қосу персоналдың жарақат алуына және мүліктің зақымдануына әкеліп соғуы мүмкін. Электр желілік құрылғыларды қосу тек өкілетті қызмет көрсететін персоналмен орындалады.



Жұмыстарды бастар алдында электр қорегінің ажыратылғандығына көз жеткізіңіз.

Электр құрылғыларын қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы тиіс.

Барлық түйісулерден бөлгіштермен қамтамасу ету қажет.

**Ескертпе**

Қорек кабельдерін басқару блогының артынан жүргізбеңіз. Зақымданған көлемді жинақтағыштан газ бөліну нәтижесінде улану қаупі. Желілік кабельді басқару блогы мен реактордың арасынан жүргізіңіз.



**Талаптар**


- Ең төмен жұмыс кернеуі 230 В/115 В;
- Ең төмен жұмыс тогы 4А;
- 2 полюсты ажырату.

**Қорек кабелін жалғау**

1. Желілік ажыратқышты мүмкіндігінше қондырғыға жақын орналастырыңыз.
2. Желілік ажыратқыштың көмегімен қорек кернеуінің берілуін ажыратыңыз.
3. Қорғанышты жерге тұйықтауды қосыңыз. 9.10 Клеммалы жалғаулар тарауын қар.
4. Қорек кернеуінің фирмалық тақташаға сәйкестігін тексеріңіз. 4. Бұйым туралы жалпы мағлұматтар тарауын қар.
5. Желілік кабельді басқару блогы мен реактордың ортасынан өткізіңіз.
6. Қорек кабелін желілік ажыратқышқа қосыңыз.


TM06 1197 1914

### 9.10 Клеммалық жалғаным



22-сур. Клеммалық жалғаным сызбасы

### Жоғары кернеу (230 В/115 В)



TM06 0408 1709

23-сур. Клеммалық жалғаным сызбасы - сол жақ бөлігі

Клеммалар мен қорғанышты жерге тұйықтау			Жазба	Сипаты	Заводской
L	N	PE			
1	3	5	HCl/A	HCl мөлшерлеу сорғысы	•
2	4	6	main in	электр қорегінің кабелі	-
7	9	11	NaClO <sub>2</sub> /B	NaClO <sub>2</sub> мөлшерлеу	•
8	10	12	out	өлшеу ұяшығының тазартқыш қозғалтқышы	-
13	15	17	H <sub>2</sub> O	Электрлі магнитті клапан	•
14	16	18	out	ClO <sub>2</sub> сандық мөлшерлегіш сорғы	• / -*
19	21	23	ClO <sub>2</sub> /NH <sub>2</sub> Cl	ClO <sub>2</sub> механикалық мөлшерлегіш сорғы	• / -*
20	22	24	out	сыртқы құрылғы, коммутир емес.	-

\* Егер қондырғы ClO<sub>2</sub> мөлшерлеу сорғысымен бірге жеткізілетін болса, онымен бірге зауыттық кабель де жеткізіледі.


Шығулардың әрқайсысының қуаттылығы 100 ВА мейлінше жоғары мәні бар. Егер жерге тұйықталған құрылғы қосылған болса, өткізгіш сәйкес клеммаға дұрыс жалғануы тиіс.

### IEC 60757 сәйкестілігіндегі түсті маркалау

IEC 60757 түсі	
BK	қара
BN	қоңыр
RD	қызыл
WH	ақ
GN	жасыл
GY	сұр
YE	сары
BU	көк

### Релелік шығу

Шығулар электрлі оқшауланған.




24-сур. Клеммалық қосылым - орталық бөлігі

Клеммалар	Жазба	Сипаты	Заводской
COM N.O. N.C.			
25 27 29	alarm	Жалпы авариялық сигнал релесі	-
26 28 30	warning	Жалпы ескертпе релесі	-

TM06 0171 1709

TM06 0407 1709

Төмен кернеу



25-сур. Клеммалық жалғаным сызбасы - оң жақ бөлігі

TM06.0172.1709

Клеммалар	Жазба	Сипаты	Дайындаушы зауытта орнатылды
31 (WH)		K7	төменгі деңгей сигналы
32 (GN)	HCl/A	K8	HCl сорып алу желісі
33 GND (BN)			босату сигналы
35 (WH)		K9	төменгі деңгей сигналы
36 (GN)	NaClO <sub>2</sub> /B	K10	NaClO <sub>2</sub> сорып алу желісі
34 GND (BN)			босату сигналы
37 (WH)		K6	ішкі мөлшерлеу
38 (GN)	batch	K5	сұйыққоймасындағы
39 GND (BN)			деңгей датчигі
40 GND (BN)			
41 (GY)		K1	
42 (YE)	reactor	K2	реактордағы деңгей
43 (GN)		K3	датчигі
44 (WH)		K4	
45		K11	сыртқы мөлшерлеу
46	ext. batch	K12	сұйыққоймасындағы
47		K13	деңгей датчигі
48 GND			
49, 50	stop		мөлшерлеуді тоқтатылымының кіруі
51,52	fault		ақаулық кіруі
53, 54	H <sub>2</sub> O		су сынағы датчигінің кіруі
55 (BU), 56 GND (BK)	Pt100		температура датчигі
57 +	mA out (1)		ClO <sub>2</sub> сандық мөлшерлеу сорғысының тоқты шығуы
58 -			
59 экран			
61 +	mA out (2)		ClO <sub>2</sub> өлшенген тіркеуінің концентрациясына арналған тоқты шығуы
60 -			
59 экран			
62 экран			
63 (+13 V)			импульсті сигналы бар шығын өлшегішіне арналған кіру
64 вход			
65 +	mA in		тоқты сигналы бар шығын өлшегішіне арналған кіру
66 -			
62 экран			
67	-12 V		AQC-D6 өлшеу ұяшығы, -12 V
68	⊥		9.2 Өлшеу ұяшығын қосу қар. GND
69	M		өлшеу сигналы
70	B/R		AQC-D11 өлшеу ұяшығы, салыстыру электроды
71	G/C		9.2 Өлшеу ұяшығын қосу электродқа қарсылық
72	⊥		GND
73 +	pH / Redox		pH/OBП өлшеуге арналған кіру
74 -			

## 10. Пайдалануға беру

Бұл тарауда барлық компоненттерді құрастырғаннан кейін, қондырғыны пайдалануға енгізу туралы ақпарат беріледі, басқару элементтері сипатталады және мәзір арасындағы өту қағидаты түсіндіріледі.

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдап-тапсыру сынағынан өткізіледі. Орнату орнында қосымша сынақ өткізу талап етілмейді.

Мәзір архитектурасының шолуы 10.2.4 Мәзір құрылымы тарауында келтірілген.

### Ескертпе

**Қондырғыны пайдалануға енгізуді тек қана өкілетті қызмет көрсету персоналы орындауы тиіс.**

**Пайдалануға енгізуді бастар алдында құбыршектерді, жалғауларды және сорғыларды ағып тұрған жерлерінің жоқтығына тексеріңіз. Қондырғының қате құрастырылмағанын тексеріңіз. Зақымданған тығыздағыштардан, клапандардан, құбыршекті жалғаулардан немесе химиялық желілерден химреагенттердің шашырауы салдарынан күйік алу тәуекелі.**

**Бас құбыржелісінің коррозиялық зақымдануы қауіпі және араластыратын судың сәйкес келмейтін сапасы салдарынан болған қондырғының ақаулығынан мүлікке залал келтіру қауіпі.**

**Ауыз суының қысымы, температурасы және сапасы қондырғының спецификасына сәйкес келуі тиіс.**

**Пайдалануға енгізер алдында және енгізу барысында араластырылатын суды тексеріңіз.**

**Газдың жылыстауын ескертетін құрылғы орнату ұсынылады.**



Назар аударыңыз

Нұсқау

## 10.1 Басқару элементтері



26-сур. Басқару элементтері

### Түймешік Функция


[Esc]	Қайтару командасы, мәзірден шығу, авариялық хабарламаны растау, мәзірдің алдыңғы бөліміне қайту
[Up]	Мәзірдің алдыңғы бөлімін таңдау, аса жоғары сандық мәнді орнату.
